

## Шаруа немесе фермер қожалығы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 31 наурыздағы N 214 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Кодексімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 375-V Кодексімен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Тақырыптағы және бүкіл мәтін бойынша: «(фермер)» деген сөздер «немесе фермер» деген сөздермен; «қолданылып жүрген заңдарға», «қолданылып жүрген заңдарда» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасының заңнамасына», «Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасына шаруа немесе фермер қожалықтарын құрудың және олардың жұмыс істеуінің құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді.

## I-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Шаруа немесе фермер қожалығы

1. Адамдардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, сондай-ақ осы өнімді ұқсатумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады.

Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) оралмандар шаруа немесе фермер қожалығы субъектілері болып табылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматтары туралы осы Заңның ережелері оралмандарға қолданылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері ортақ шаруашылықты бірлесіп жүргізетін жұбайлары, жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала

асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (аға-қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) және басқа да адамдар болып табылады.

3. Шаруа немесе фермер қожалығы мынадай нысандарда болуы мүмкін: кәсіпкерлік қызмет бірлескен ортақ меншік базасына негізделген отбасылық кәсіпкерлік нысанында жүзеге асырылатын шаруа қожалығы; өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыруға негізделген фермер қожалығы; бірлескен қызмет туралы шарт негізінде, жалпы үлестік меншік базасында жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығы.

4. 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматы шаруа немесе фермер қожалығының басшысы бола алады.

5. **Алып тасталды - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.29 N 512, 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **1-1-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының басшысы мен мүшелерінің құқықтары және міндеттері**

1. Шаруа немесе фермер қожалығының басшысы:

1) жеке және заңды тұлғалармен қатынастарда шаруа немесе фермер қожалығының мүдделерін білдіруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыруға;

3) ұзақ уақыт болмаған жағдайда қожалық мүшелерінің біреуіне өзінің функцияларын орындауға уәкілеттік беруге;

4) шаруа немесе фермер қожалығы қызметінің негізгі бағыттарын айқындауға ;

5) ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және шаруа немесе фермер қожалығының ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекітуге;

6) шаруа немесе фермер қожалығының заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы мәселені шаруа немесе фермер қожалығы мүшелері жалпы жиналысының қарауына шығаруға;

7) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Шаруа немесе фермер қожалығының басшысы:

1) шаруа немесе фермер қожалығының есебі мен есептілігін жүргізуді ұйымдастыруға ;

2) шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері жалпы жиналысының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шешімдерін өз

құзыреті шегінде орындауға;

3) шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері үшін еңбек жағдайын жасауға;

4) жалдамалы қызметкерлерді жұмысқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын жасасуға, жұмыс берушінің актілерін шығаруға;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

### 3. Шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері:

1) шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысында белгіленген тәртіппен шаруа немесе фермер қожалығынан өз еркімен шығуға;

2) шаруа немесе фермер қожалығының қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығының бухгалтерлік есебінің, есептілігінің деректерімен және басқа да құжаттамасымен танысуға;

3) шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысына және (немесе) мемлекеттік органдарға басшының және басқа мүшелердің заңсыз іс-әрекеттеріне шағым жасап жүгінуге;

4) өздерінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда шаруа немесе фермер қожалығы басшысының және мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сот тәртібімен шағымдануға;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### 4. Шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері:

1) шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдерін орындауға;

2) шаруа немесе фермер қожалығының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

3) шаруа немесе фермер қожалығының басшысы ауысқан жағдайда, бұл туралы қожалықты тіркеген органға ортақ өтініш беріп хабарлауға;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

**Ескерту. Заң 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2-бап. Шаруа немесе фермер қожалығын құру**

1. Шаруа немесе фермер қожалығы ерікті негізде құрылады және жер учаскесіне құқық мемлекеттік тіркелген кезден бастап, ал Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларда, дара кәсіпкер ретінде тіркелгеннен кейін құрылды деп есептеледі.

2. Бірлескен кәсіпкерлікке негізделген шаруа немесе фермер қожалығын тіркеген кезде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік шаруа немесе фермер қожалығының басшысына беріледі. Куәлікке мемлекеттік кіріс органының тиісті аумақтық бөлімшесінің басшысы куәландырған шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің тізімі қоса беріледі.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **3-бап. Шаруашылық жүргізу нысаны ретіндегі шаруа немесе фермер қожалығы**

1. Шаруа немесе фермер қожалығы Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығының тең құқықтық өндірістік бірлігі болып табылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қызметінің бағытын, өндірісінің құрылымы мен көлемдерін дербес айқындайды, өнімді өсіреді, ұқсатады және сатады, сондай-ақ шаруашылық жүргізумен байланысты басқа да мәселелерді шешеді.

### **4-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының меншігі**

1. Шаруа қожалығының мүлкі, егер оның мүшелерінің арасындағы шартпен өзгеше белгіленбесе, оларға бірлескен меншік құқығымен тиесілі болады.

Бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жай серіктестік нысанында ұйымдастырылған фермер қожалығының мүлкі оның мүшелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады.

Жеке кәсіпкерлікке негізделген фермер қожалығының мүлкі оған жеке меншік құқығымен тиесілі болады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің меншігінде жер учаскелері, жер учаскесіндегі екпелер, оның ішінде жеке орман қорының екпелері, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілген және ұсталатын жабайы жануарлар, шаруашылыққа арналған және өзге де қора-қопсылар, мелиорациялық және басқа да құрылыстар, өнім беретін және жұмысқа жегілетін мал, құс, ауыл шаруашылығына арналған және өзге де техника мен жабдықтар, көлік құралдары, керек-жарақтар және шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері берген және (немесе) қожалық үшін оның мүшелерінің ортақ қаражатына сатып алынған басқа да мүлік болуы мүмкін.

3. Шаруа немесе фермер қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған жемістер, өнімдер және табыстар шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің ортақ бірлескен немесе ортақ үлестік мүлкі болып табылады және олардың арасындағы келісім бойынша пайдаланылады.

4. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің мүліктік қатынастары Қазақстан Республикасының азаматтық және жер заңнамасының тиісті нормаларымен реттеледі.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**5-бап. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің мүлкін және жер учаскесіне құқығын мұраға алу**

Шаруа немесе фермер қожалығының мүлкі және жер учаскесіне құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мұраға алынады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.12.29. N 512 Заңымен.

**II тарау. Шаруа немесе фермер қожалығының жер учаскесіне пайдалану құқығы**

Ескерту. Тараудың тақырыбы өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.12.29. N 512 Заңымен.

**6-бап. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін беру**

1. Жер учаскелері Қазақстан Республикасының азаматтарына шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін - жеке меншік құқығымен немесе 10 жылдан 49 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығымен, ал шалғайдағы мал шаруашылығын жүргізу үшін (маусымдық жайылымдар) осы Заңға және Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне жеке меншік құқығын беру ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының азаматтары жер учаскесіне жеке меншік құқығын Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес айқындалатын оның кадастрлық (бағалау) құнына тең бағамен не жеңілдетілген бағамен алуы мүмкін.

Жер учаскесін сатып алу сомасын төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығын алған тұлғаның жазбаша өтініші бойынша он жыл мерзімге дейін ұзартылып жүргізілуі мүмкін.

Оралмандарға шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскелерін беру уақытша жер пайдалану құқығымен жүзеге асырылады.

2. Жеке еңбегімен қатысу негізінде шаруашылық жүргізетін, арнаулы ауыл шаруашылығы білімі мен біліктілігі бар, ауыл шаруашылығында іс жүзіндегі

жұмыс тәжірибесі бар және осы ауданда, қалада, ауылда, кентте тұратын азаматтар шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін алуға б а с ы м к ұ қ ы қ т ы п а й д а л а н а д ы .

Қызметін кемінде бес жыл жүзеге асыратын және өз қызметін тоқтататын шаруа немесе фермер қожалығының жер учаскесін сатып алуға басым құқық осы шаруа немесе фермер қожалығының мүлкін сатып алған және арнайы ауыл шаруашылығы білімі мен біліктілігі бар Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

3. Қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік ауыл шаруашылығы ұйымдарының құрамынан шығатын азаматтарға шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін аталған оның ұйымдардың жерінен жер учаскелері беріледі, оларды кадастрлық бағалау шаруашылық бойынша (алқаптар бойынша) орта деңгейде болуға тиіс.

4. Өздеріне тиесілі жер учаскелеріне құқықтарын, оның ішінде шартты жер үлестеріне құқықтарын шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде немесе өндірістік кооперативтерге жарна ретінде берген азаматтар шаруа немесе фермер қожалығын ұйымдастыру үшін қатысушылар (мүшелер) құрамынан шыққан кезде үлесін немесе пайын, жер учаскесін қоса алғанда, нақтылы бөліп шығаруға (бөлісуге) не өздерінің қалауы бойынша жер үлесінің немесе пайының құнын төлетіп алуға құқылы.

Үлесті немесе пайды нақтылы бөліп шығару (бөлісу) шаруашылық серіктестікке қатысушының немесе өндірістік кооператив мүшесінің талабы б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Шаруашылық серіктестікке қатысушының немесе өндірістік кооператив мүшесінің жарғылық капиталға пайдалануға ғана берген жер учаскесі, Қазақстан Республикасының заңдарында немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сыйақысыз нақтылы қалпында қайтарылады.

Қатысушылар (мүшелер) құрамынан шығу және жер учаскесін бөліп шығару туралы өтініш ауыл шаруашылығы ұйымына беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын ұйымдастыру үшін үлес немесе пай есебіне нақтылы бөліп шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері шаруашылық серіктестіктердің, өндірістік кооперативтердің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен немесе тараптардың келісімімен айқындалады.

Құрылтай құжаттарында жер учаскесін бөліп шығару (бөлісу) тәртібі болмаған жағдайда, осы баптың 5-тармағының ережелері қолданылады.

5. Үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушы болып табылатын және шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін қатысушылар құрамынан шығатын азаматтарға жер учаскелері үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың жалпы жиналысында бекітілген, үлестік меншіктегі (үлестік жер пайдаланудағы) жер учаскесін пайдалану тәртібіне сәйкес беріледі. Үлестік



меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушыларды жер учаскелерін пайдалану тәртібін бекіту жөніндегі алдағы жиналыс туралы хабардар ету оның өткізілетін күнінен кемінде бір ай бұрын жазбаша нысанда, қолхат алу арқылы жүргізіледі. Тиісінше хабарланған жағдайда, үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің кемінде елу проценті қатысқан кезде, жиналыс заңды деп есептеледі. Шешім жиналысқа қатысқан үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға жиналыста болған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің барлығы қол қояды.

Жер учаскесін пайдалану тәртібі болмаған кезде үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) мүдделі қатысушы жер үлесі (жер үлестері) есебіне жер учаскесін бөліп шығару ниеті туралы, оның болжамды орналасқан жерін көрсете отырып, үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың қалғандарын жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Жер учаскесінің орналасқан жері жөніндегі мәселе келісу рәсімдерін өткізу арқылы не ортақ меншікке (ортақ жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде шешілуі мүмкін. Жиналыс хабарланған кезден бастап бір ай ішінде өткізілуге тиіс және ортақ меншікке (ортақ жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің кемінде елу проценті қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. Шешім жиналысқа қатысқан үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға жиналыста болған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің барлығы қол қояды.

Егер тиісінше хабарланған күннен бастап бір ай ішінде үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардан қарсылықтар келіп түспесе, жер учаскесінің орналасқан жері туралы ұсыныс келісілген болып есептеледі.

6. Азаматтың өтініші және осы өтінішке қоса берілген, бөліп шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері туралы келісілген материалдар оған жер учаскесіне құқықты ресімдеу үшін жергілікті атқарушы органға жіберіледі.

7. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскелерін алған және ауылда тұрғын үйі бар азаматтардың үй жанындағы жер учаскесі меншік құқығымен сақталады, ол шаруа немесе фермер қожалығы жер учаскесінің құрамына кірмейді.

8. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын азаматтарға шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскелері арнайы жер қорының жерінен және босалқы жерден беріледі.

**Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.12.29 N 512 Заңымен, өзгерістер**

енгізілді - ҚР 2006.01.10 N 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.07.06 N 276 (1-тармақтың төртінші бөлігінде орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді), 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

**7-бап. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін беру нормалары**

1. алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.

2. Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарында жеке меншік құқығымен болуы мүмкін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең үлкен) мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) өкілетті және атқарушы органдардың бірлескен ұсыныстары негізінде белгілейді.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.29. N 512, 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**8-бап. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін беру тәртібі**

1. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін өздеріне арнайы жер қорының жері мен босалқы жер құрамынан жер учаскелеріне меншік және (немесе) жер пайдалану құқығы берілуіне мүдделі азаматтар жер учаскесінің орналасқан жері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің халыққа қызмет көрсету орталықтарына, олар болмаған жағдайда, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына өтініш береді.

2. Ө т і н і ш т е :

1) жер учаскесін пайдалану мақсаты;

2) оның болжамды көлемі;

3) орналасқан жері;

4) сұралып отырған пайдалану құқығы;

5) басқа жер учаскесінің болуы (болмауы);

6) шаруа немесе фермер қожалығының құрамы көрсетілуге тиіс.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішке шаруа немесе фермер қожалығының басшысы мен мүшелері қол қояды.

Ө т і н і ш к е :

1) ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің қысқаша бағдарламасы;

2) өтініш беруші азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері ;



3) тиісті білімі немесе арнайы дайындықтан өткені туралы құжаттар (олар болған кезде) ;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттар (олар болған кезде) қоса беріледі.

Қосымша құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

3. Ауыл шаруашылығы ұйымдары жерінің және ортақ меншіктегі немесе ортақ жер пайдаланудағы жердің құрамынан шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін алатын азаматтар (осы Заңның 6-бабының 3, 4 және 5-тармақтары) өтінішке осы баптың 2-тармағында көрсетілгендерден басқа, бөліп шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері туралы келісілген материалдарды қоса береді .

Азаматтардың ауыл шаруашылығы ұйымына немесе ортақ меншікке (ортақ жер пайдалануға) қатысушыларға беретін, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесін бөліп шығару туралы өтініштерін олар бір айдың ішінде қарауға тиіс. Бұл ретте жер учаскесін нақтылы бөліп шығару ауыл шаруашылығы егіс жұмыстары басталғанға дейін не аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Басқа жағдайларда жер учаскесін нақтылы бөліп шығару ауыл шаруашылығы ұйымының немесе ортақ меншікке (ортақ жер пайдалануға) қатысушылардың келісімімен жүргізіледі.

4. Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжат онда Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес барлық меншік иелері (жер пайдаланушылар) көрсетіле отырып, шаруа немесе фермер қожалығының мүшелеріне ресімделеді.

5. Шаруа немесе фермер қожалығының жер учаскесіне құқығы жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеген кезден бастап туындайды .

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **9-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының жер учаскесі**

1. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскелері бірыңғай алқап болып беріледі, бұған жекелеген жер учаскелері мен ауыл шаруашылық алқаптары топырақ сапасы бойынша құндылығы жағынан салғастыруға келмейтін (азық дайындау шектеулі болатын, мал жайылымдарын пайдаланудың маусымдылығы айқын білінетін суармалы жер аймағындағы) жерлер қосылмайды.

2. Шаруа немесе фермер қожалығына берілген жер учаскесі ортақ бірлескен немесе ортақ үлестік меншік (ортақ бірлескен немесе ортақ үлестік жер пайдалану) құқығында болады.

3. Жер учаскесіне жеке меншік құқығы бар шаруа немесе фермер қожалығы оны иелену, пайдалану және билік ету құқығын өз қалауынша, мемлекеттік

органдардың қандайда бір рұқсатын алмай жүзеге асырады.

Уақытша жер пайдалану құқығы бар шаруа немесе фермер қожалығы көрсетілген құқықтарды уақытша жер пайдалану туралы шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Шаруа немесе фермер қожалығы жеке меншік құқығындағы жер учаскесіне қатысты, соның ішінде толық құнына сатып алынған жер учаскесі бойынша - ол мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап және жеңілдетілген бағамен сатып алынған жер учаскесі бойынша - ол жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнының төмендеген әрбір он пайызы үшін екі жылды құрайтын, жер учаскесімен мәміле жасасуға шек қою мерзімі өткен соң, нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәміле жасай алады.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы осындай құқықты сатып алмастан, кепілге, шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына салым ретінде, акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге немесе өндірістік кооперативке жарна ретінде берілуі мүмкін.

4. Жер учаскесіне жеке меншік құқығы және ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы шаруа немесе фермер мүлкінің құрамына кіреді, онымен ол өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

5. Шаруа немесе фермер қожалықтарын жүргізу үшін берілген жер учаскелерінде ауыл шаруашылығын жүргізуге қатысы жоқ объектілер, оның ішінде тұрғын үйлер (жеке тұрғын үйлерді қоса алғанда) салуға жол берілмейді. Бұл ретте мал шаруашылығы кешендерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде маусымдық жұмыстарға және шалғайдағы мал шаруашылығына арналған уақытша құрылыстар мен шаруашылық-тұрмыстық қора-жайлар салуға суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының барлық түрлері, егістік, тыңайған жерлер және көпжылдық екпелер егілген жерлер жататын бағалы ауыл шаруашылығы алқаптары пайдаланыла алмайды.

Жеке меншіктегі немесе жер пайдаланудағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес белгіленген ең аз мөлшерінен төмен учаскелерге, алаңдарға бөлуге жол берілмейді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.29 N 512, 2009.07.10 N 180-IV, 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **10-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының жер пайдалану жөніндегі құқықтары**

1. Шаруа немесе фермер қожалығының:

1) жерді ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мақсатында пайдалана отырып, онда дербес шаруашылық жүргізуге;

2) ауыл шаруашылығы дақылдары мен өзге де екпе-көшеттерді егу мен отырғызуға, жер учаскесін пайдалану нәтижесінде өндіріліп алынған ауыл шаруашылық өнімін және оны сатудан түскен табысты меншіктенуге;

3) жер учаскесінде бар құм, саз, қиыршық тас және басқа да көп кездесетін пайдалы қазбалар, шымтезек, орман алқаптары, жер үсті және жер асты суларын өз шаруашылығының мұқтаждары үшін белгіленген тәртіпте пайдалануға, сондай-ақ жердің өзге де пайдалы қасиеттерін кәдеге жаратуға;

4) жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда шығындардың толық көлемде өтелуіне;

5) жерді аймақтарға бөлуге сәйкес құндылығы төмен алқаптарда шаруашылық қажеттері үшін, жер учаскесінің нысаналы пайдалану мақсатына қайшы келмейтін өндірістік, тұрмыстық және өзге де үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) меншік құқығымен тұрғызуға;

6) жерді суландыру, құрғату және өзге де мелиорациялық жұмыстарды жүргізуге, белгіленген құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптарға сай келетін тоғандар мен өзге де суаттарды сатуға құқығы бар.

2. Уақытша жер пайдалану кезінде осы баптың 1-тармағының 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерге шартпен шектеу жасалуы мүмкін.

3. Шаруа немесе фермер қожалығына бекітіліп берілген жер учаскесінде аң аулауға, балық аулауға, дәрілік шөп, жидек, саңырауқұлақ және басқа да табиғат өнімдерін жинау мен өзге де қызметке осы шаруашылық басшысының келісімімен ғана рұқсат беріледі.

4. Шаруа немесе фермер қожалығы өз өнімін дербес пайдаланады, оны ішкі және сыртқы рыноктарда сатады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.29 N 512, 2009.07.10 N 180-IV, 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **11-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының жер пайдалану жөніндегі міндеттемелері**

Шаруа немесе фермер қожалығы:

1) өзіне берілген жерді оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға;

2) топырақ құнарлылығының төмендеуіне жол бермеуге;

3) ауыл шаруашылық өнімін өндірудің табиғат қорғау технологияларын қолдануға және жер қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруға;

4) өз қызметінің нәтижесінде экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеуге;

5) жер учаскесінде құрылыс салуды жүзеге асыру кезінде сәулеттік-жоспарлау, құрылыс, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және өзге де арнайы талаптарды (нормаларды, ережелерді, нормативтерді) басшылыққа алуға;

б) басқа жер пайдаланушылар мен жер учаскелері меншік иелерінің құқығын бұзбауға;

7) сервитуттарды Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен беруді қамтамасыз етуге міндетті.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **12-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының жер учаскесіне жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату**

1. Жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы: жер учаскесіне жеке меншік құқығынан немесе жер пайдалану құқығынан бастартылғанда ;

жер учаскесін басқа адамдарға бергенде;  
шаруа немесе фермер қожалығының міндеттемелері бойынша жер учаскесінен немесе жер пайдалану құқығынан өндіріп алу қолданылғанда;  
жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылғанда;  
жер учаскесі берілген мерзім біткенде;  
мақсатына сай пайдаланылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесі алынып қойылғанда;  
жерлер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа жағдайларда алынып қойылғанда;  
жер учаскесі тәркіленгенде тоқтатылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін берілген және мақсатына сай пайдаланылмаған жер учаскесі Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес алып қойылуы мүмкін.

**Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.29 N 512, 2007.07.06 N 276 (1-тармақтың сегізінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді), 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **III-тарау. Шаруа немесе фермер қожалығы қызметінің негіздері**

### **13-бап. Шаруа немесе фермер қожалығындағы еңбек**

1. Шаруа немесе фермер қожалығындағы жұмыстарды орындауға еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтар тартылуы мүмкін.

2. Шаруа немесе фермер қожалығында жалдау туралы шарт жасасу тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленеді.

3. Шаруа немесе фермер қожалығының мүшелері мен қожалықта еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген барлық құқықтарды пайдаланады.

4. Шаруа немесе фермер қожалығының басшысы Қазақстан Республикасының тиісті әлеуметтік сақтандыру, сондай-ақ еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдарында өзінің тұрғылықты жері бойынша сақтандырушы ретінде тіркеледі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және басқа органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз табысынан белгіленген тәртіппен қаржы енгізеді.

5. Шаруа немесе фермер қожалығында жұмыс істеген уақыт еңбек кітапшасы не Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылған сақтандыру жарналарының төленгенін растайтын құжаттар негізінде жалпы және үздіксіз жұмыс стажына есептеледі.

6. Шаруа немесе фермер қожалықтарының мүшелеріне, сондай-ақ жалданып жұмыс істеген азаматтарға зейнетақы тағайындау мен төлеу Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарында белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.**

### **14-бап. Шаруа немесе фермер қожалығы қызметінің шарттары**

1. Шаруа немесе фермер қожалығы өз шығындарын алынатын табысының есебінен жабады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығының өндірістік, коммерциялық және өзге де қатынастары шарт негізінде жүзеге асырылады.

3. Шаруа немесе фермер қожалығының қызметіне, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар тарапынан араласуға тыйым салынады.

### **15-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының банк шоттары**

Шаруа немесе фермер қожалығы банк шоттарын ашуға және банктегі өз ақшаларына иелік етуге құқылы.

### **16-бап. Шаруа немесе фермер қожалығына салық салу**

Шаруа немесе фермер қожалығына салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.**

**17-бап. Шаруа немесе фермер қожалығына кредит беру және оны сақтандыру**

1. Шаруа немесе фермер қожалығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен ережелер бойынша мүлкін, жер учаскесін ж ә н е жер пайдалану құқығын кепілге салып кредит алуға құқылы.

2. Шаруа немесе фермер қожалығы сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалға алынған және жеке меншік өндіріс құрал-жабдықтарын, сондай-ақ ауыл шаруашылық дақылдарының егісін (екпелерін), көпжылдық екпелерді, шығарған өнімдерін, шикізатты, материалдарды жойылуы немесе зақымдануы жағдайынан сақтандыруды жүзеге а с ы р а д ы .

**Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.12.29. N 512 Заңымен.**

**18-бап. Шаруа немесе фермер қожалықтарын мемлекеттік қолдау**

1. Қызметкерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және орта есеппен алғанда жыл ішіндегі активтерінің жалпы құны алпыс мың мәрте есептік көрсеткіштен аспайтын шаруа немесе фермер қожалығы:

1) **алып тасталды**

2) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасын қолдана отырып, электр энергиясымен, жылумен, сумен жабдықтау жөнінде қосылатын қуаттар үшін ақы төлеуден Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен жағдайда босатылады;

3) мемлекет қатысатын екінші деңгейдегі банктерде ақы алынбай шот ашады;

4) бухгалтерлік есептілікті жеке кәсіпкерлер ретінде оңайлатылған тәртіппен б е р е д і ;

5) **алып тасталды**

6) шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мемлекеттік мұқтаждар үшін тапсырыстар орналастыру кезінде басым құқықты пайдаланады;

7) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдау шеңберінде тиісті жылға арналған мемлекеттік бюджетте белгіленген шекте жеңілдікті жағдайларда ақпараттық қызмет (қаражат), сондай-ақ ғылыми-техникалық талдамалар мен технологиялар;



8) шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін көзделген қаражат есебінен кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ісін жүргізеді.

1-1. Шаруа немесе фермер қожалықтары жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеудің Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес оңайлатылған не жалпы белгіленген тәртібін қолдануға құқылы.

2. Ауыл шаруашылық өндірісіне инвестицияларды жүзеге асыратын және арнаулы салық режимін пайдаланбайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда инвестициялық преференциялар берілуі мүмкін.

### 3. алып тасталды

4. Мемлекет отандық шаруа немесе фермер рыногын дамыту мен қорғауға жәрдемдеседі.

5. Шаруа немесе фермер қожалықтарын дамытуды мемлекеттік қолдаудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енізілді - ҚР 2001.12.24 N 276, 2003.01.08 N 375, 2003.03.13 N 395, 2003.12.29 N 512, 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **19-бап. Шаруа немесе фермер қожалықтарының бірлескен қызметі**

1. Шаруа немесе фермер қожалықтары ерікті негізде кооперативтерге, қоғамдарға және басқа да бірлестіктерге бірігіп, кооперативтік, шаруашылық серіктестіктерінің және басқа да ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

2. Шаруа немесе фермер қожалығы өз қалауы бойынша кез келген ұйымнан шығуға құқылы.

## **20-бап. Шаруа немесе фермер қожалығының қызметін тоқтатудың ережелері мен тәртібі**

1. Егер қожалықтың қызметін жалғастырғысы келетін бірде-бір қожалық мүшесі, мұрагер немесе басқа адам қалмаса, сондай-ақ банкрот болған және жер учаскесіне жеке меншік құқығы немесе жер пайдалану құқығы тоқтатылған жағдайларда шаруа немесе фермер қожалығының қызметі тоқтатылады.

2. Шаруа немесе фермер қожалықтарының қызметі тоқтатылған кезде ортақ мүлікті бірлескен меншікке қатысушылар арасында бөлу, сондай-ақ олардың біреуіне үлес бөліп беру ортақ мүлік құқығындағы әрбір қатысушылардың үлесі алдын ала анықталған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Үлестік меншіктегі мүлік оған қатысушылар арасында бір-бірімен келісім бойынша бөлінуі мүмкін.

4. Шаруа немесе фермер қожалығының қызметін тоқтату кезінде мүлікті, жер учаскесін және жер пайдалану құқығын бөлудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

5. Шаруа немесе фермер қожалығының қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туатын мүліктің, жер даулары мен өзге де даулар сот тәртібімен қаралады.

**Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.12.29 N 512, 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**21-бап. Қазақстан Республикасының шаруа немесе фермер қожалығы туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының шаруа немесе фермер қожалығы туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*